



ҚАУЛЫ

2017 жылғы 12 сәуір

Шымкент қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 309

город Шымкент

«Спорт сарайы»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің 67,09 пайыз
мемлекеттік үлесін
жекешелендіру туралы

**КӨШІРМЕ
ДҰРЫС**

«Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі Заңына, «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 25 желтоқсандағы Заңына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына, «Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 қаулысына, «2016-2020 жылдары жекешелендіруге жататын Шымкент қаласының коммуналдық меншігіндегі ұйымдар тізбесін бекіту туралы» Шымкент қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 24 ақпандағы №349 қаулысына, Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары Д.Сатыбалдының 2017 жылғы 7 сәуірдегі «Облыс бойынша нысандарды сату (жол картасы) жөніндегі іс-шара жоспарына», Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімінің 2017 жылғы 11 сәуірдегі №18/262 хатына сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Спорт сарайы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталындағы 67,09 пайыз мемлекеттік үлесі жекешелендіру арқылы бәсекелестік ортаға берілсін.

2. Осы қаулының 1-тармағында аталған серіктестіктің 67,09 пайыз мемлекеттік үлесін жекешелендіру үшін Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі тиісті құжаттарды жекешелендіру бойынша уәкілетті орган-Шымкент қаласының экономика және қаржы бөліміне ұсынсын.

3. Осы қаулының 1-тармағында аталған серіктестіктің 67,09 пайыз мемлекеттік үлесін жекешелендіру бойынша Шымкент қаласының экономика және қаржы бөлімі тарапынан қолданыстағы заңдарға сәйкес тиісті жұмыстар жүргізілсін.

4. Шымкент қаласының экономика және қаржы бөлімі осы қаулының 1-тармағында аталған серіктестігін жекешелендіру бойынша мәліметтерді Мемлекеттік мүлік тізіліміне енгізісін.

5. Осы қаулының орындалуын жүзеге асыру Шымкент қаласының экономика және қаржы бөлімінің басшысы К.Жанбосыновқа, Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Н.Катаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары Г.Құрманбековаға жүктелсін.

Қала әкімі



Ғ.Әбдірахымов